



№4 (9994)
13 қаңтар
сенбі
2024 жыл

Жалдағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ел жаңалықтары

Оңтүстік Кореяда жұмыс істеуге рұқсат

Қазақстан Оңтүстік Кореяның Employment permit System жүйесіне қосылуы мүмкін. Соның арқасында қазақстандықтар бұл елде заңды түрде жұмысқа тұра алады. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәлімдеді. Екі елдің министрлік өкілдері онлайн-форматта келіссөз жүргізді.



«Келіссөз барысында Қазақстан Оңтүстік Кореяның Employment permit System жүйесіне (бұдан әрі – EPS) енгізу мәселесін талқылады. Бұл қазақстандықтарға Оңтүстік Кореяда заңды түрде жұмысқа орналасуға, сондай-ақ оларға тең еңбек жағдайлары мен құқықтарды қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» делінген хабарламада.

Кездесуге министрліктің Көші-қон комитетінің төрағасы Асқарбек Ертаев, Халықаралық ынтымақтастық және интеграция департаментінің директоры Саадат Асансөитова және Корея республикасы Еңбек және жұмыспен қамту министрлігінің шетелдік жұмыс еңбегі жөніндегі басқармасы директорының орынбасары Мюнг Сунг Хон қатысқан.

Асқарбек Ертаев кездесуге қатысушыларға EPS жүйесі шеңберінде корейлік дайындық орталығын ашу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы хабарлады. Қазақстанда EPS орталығын ашу мүмкіндігін талқылай отырып, тараптар жемісті және сындарлы өзара іс-қимылға, сондай-ақ еңбек көші-қоны шеңберінде екіжақты ынтымақтастықты кеңейтуге дайын екенін білдірді.

Айта кетейік, 2014 жылдың басынан бері қазақстандықтар Кореяда 30 күнге дейін визасыз жүретін. Содан бері елімізден Оңтүстік Кореяға қосымша табыс табу мақсатында баратын отандастарымыздың саны күрт өскен. Сондықтан Қазақстаннан Кореяға ұшатын қазақтар көбіне түскен, шекарада да тексеру күрделенген болатын. Көптеген қазақ бірден әуежайдан елге қайтарылып та жатты.

«Дипломмен – ауылға» 9 млн теңге болды

«Серпін» жобасы бойынша екі жылдық жұмыспен өтеу мерзімін аяқтаған жас мамандар, яғни денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласында, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы шеңберінде әлеуметтік көмек ала алады. Онда 100 АЕК мөлшерінде біржолғы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит төлеу түріндегі қолдау ретіндегі әлеуметтік шаралар көзделген.



– Бұдан басқа ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде «Дипломмен – ауылға» жобасы бойынша мамандарға әлеуметтік қолдау көрсетуді жақсарту мақсатында 2024 жылы 1 қаңтардан бастап көрсетілген бюджеттік кредит 1500 АЕК-тен 2500 АЕК-ке дейін, аудан орталықтары мен ауылды елді мекендер үшін 2000 АЕК-ке дейін мөлшері ұлғайтылады. 2024 жылы 3,6 мыңнан астам маманға 30 млрд теңгеге бюджеттік кредит беру жоспарлануда, – делінген Үкімет басшысының депутаттарға берген жауабында.

Сонымен бірге қолданыстағы бағдарламаларды жүйелеу мақсатында «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп, несиеленудің жеңілдікті шарттары бар жақсару үшін бірінші тұрғын үй бағдарламасын іске асыру мәселесі псықталған.

Еске сала кетейік, депутаттар «Серпін» бағдарламасы тоқтағалы тұрғаны турасында осыдан екі жыл бұрын да дабыл қаққан. Ол тұста сенаторлар жеңілдіктің алынбай тасталуы оңтүстік өңірден келген тұлғалардың солтүстік өңірлердегі колледждер мен жоғары оқу орындарында оқуға деген ынтымақтасуы төмендетпейтінін мәлім еткен еді.

«ЖЖ» ақпарат

Мәселе

Вакцина дертті дендетпейді



Қыс басталғалы елімізде қызылша ауруы белең алды. Ауа арқылы жұғатын дерт өсіресе балалар арасында өршіп тұр. Дәрігерлер мен ата-аналар дабыл қағуда. Осы орайда сәрсенбіде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында елдегі қазіргі санитариялық-эпидемиологиялық ахуал қаралды.

Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинияттың айтуынша, өткен жылдың қорытындысымен жұқпалы аурулар бойынша эпидемиологиялық ахуал тұрақталған. Алдың алу шараларының арқасында 20 аса қауіпті жұқпалы ауру тіркелмеген, олардың арасында وبا, тырысқақ және полиомиелит бар. Сондай-ақ 39 инфекция бойынша, оның ішінде коронавирусы, ротавирус және жіті ішек инфекциялары бойынша сырқаттанушылық төмендеген.

Қазіргі уақытта жіті респираторлық инфекциялармен сырқаттанудың кезекті маусымы жүріп жатыр, ол жыл сайын қазаннан мамырға дейін созылады. Жұқпалы дертті жұқтырмаудың бірден бір тиімді жолы екепке алу екені белгілі. Мәселен, алдын алу мақсатында өткен жылы қауіп-қатер тобына жататын 2,4 млн адам тұмауға

қарсы екепке алған, бұл халықтың 12 пайызын құрайды. Осы ретте ДДСҰ ұсынатын деңгей кемінде 10 пайызды көрсетеді.

Жалпы эпидемиологиялық маусым басталғаннан бері стационарларда 31 мыңнан астам науқас емделген, 2 млн-нан астам науқас амбулаториялық ем алған. Ел бойынша барлығы 10 мыңға жуық инфекциялық төсек-орын қойылып, олардың ішінде балалар үшін шамамен 3 мың төсек-орын қарастырылған.

Алайда елімізде COVID-19 пандемиясының аяқталуына қарамастан, тиісті бақылау жалғасып жатыр. Дегенмен коронавирустық инфекция бойынша жағдай тұрақты. Соңғы жарты жылда ай сайын 100-ден 400-ге дейін жағдай тіркелген, міне, бұл коронавирустың жыл бойы таралатынын растайды.

2023 жылдың соңында елде 29 мыңнан астам қызылша жұқтыру жағдайы тіркелсе, оның 80 пайызы 14 жасқа дейінгі балаларға тиесілі. 1 қаңтардан бастап 1 674 қызылшамен сырқаттанушылық тіркелген. Жағдайды тұрақтандыру үшін өткен жылы жоспар бойынша вакциналау жүргізіліп, нәтижесінде алты жасқа дейінгі 700 мыңға жуық бала екепке алған.

Оған қоса Үкімет резервінен қаражат бөлініп, қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы 1,5 млн доза вакцина сатып алынған. Бүгінгі таңда қосымша вакциналау аясында 930 мыңнан астам адам екепке алып, күн сайын 20 мыңнан астам адам вакцина салдыруда.

Әттеген-айы, ата-аналардың арасында балаларына екепке әдейі салғызыбай, бас тартып отырғандардың қатары аз емес, шыны керек, мұның соңы

ауыр зардаптарға алып келуі мүмкін.

– Жағдайды тұрақтандырудың жалғыз жолы – екепке салу. Қызылшаға қарсы жаппай иммунизация жүргізу үшін қосымша 1,5 млн доза вакцина сатып алынды. Осы мақсаттар үшін Үкімет өткен жылдың қыркүйек айында резервтен 3 млрд теңгеден астам қаражат бөледі. Алайда көріп отырғанымыздай, кейбір өңірлерде қызылшаға қарсы иммунизациямен қамту деңгейі өлі де төмен, – деді Премьер-Министр.

Осыған байланысты Әлихан Смайылов қызылшаға қарсы вакцинация жұмыстарын күшейтуді, сондай-ақ басқа да профилактикалық екепелермен вакциналауды жандандыруды тапсырды. Жол қатынасы қиын және шалғайдағы ауыл тұрғындарын вакциналау үшін жағдай жасау керек екенін жеткізді. Сондай-ақ Үкімет басшысы медицина қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыра отырып, өсіресе ауылдық жерлерге жеткізу кезінде вакциналарды сақтау мен тасымалдаудың тиісті режимін қамтамасыз ету қажеттігін айтты.

Жандос ЖАЗКЕН

Кәсіпкер келіншек

Соңғы жылдары кәсіпкерлік саласына серпін беруде нәзікжандылардың қосқан үлесі зор. Оған мемлекет тарапынан берілетін қолдаудан бөлек, өз қаражаты есебінен шағын және орта бизнес саласында жоғары жетістікке жетіп жүрген кәсіпкер келіншектер дәлел. «Адамды адам ететін еңбек» деген қағиданы ұстанатын Сәуле Нұрмаханова – кәсіпкерлік саласында өзіндік орны бар, озық келіншектердің бірі. Ол аудан тұрғындарының сұранысына сай жартылай дайындалған өнімдер өндіреді.



Бойжеткен кезінен дәмді тағамдар мен тәттілер пісіруге қызығушылығы жоғары Сәуленің сол кездегі арманы шағын асхана желісін ашу болған. Сол арманының жетегінде жүріп, кәсібіннен нәсібін тауып жүрген іскер келіншек бүгінде халықтың алғысын алып, талғампаз тұтынушылар көңілін шығуда.

– Негізгі бала күнінен өнерге жақын болдым. Мектепте баян аспабында ойнап, ән айтып сайыстарға қатысып, жүздеген орындарды иеленіп жүргенімнен аспаз болуға деген қызығушылығым басымдық болды. Қазіргі таңда жетістікке жету үшін өзіңе инвестиция құйып, іздену және білім алып, даму қажет. Заман талабына сай мен де Алматы қаласында мықты аспаздардан дәріс алып, тәжірибе жинадым. Мақпал Жанат, Сымбат есімді аспаздардың курсына арнайы барып, білімдімі жетілдірдім. Содан соң осында келіп кәсіп ашуды қолға алдым. Ал бұл кәсіппен айналысыңама енді бір жыл болады, – дейді келіншек.

Қазіргі таңда кәсіпкер келіншек 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Ол жартылай дайындалған өнімнің түр-түрлі мәселен, манты, тұшпара,

котлет, тефтели, голубы, жайма, кеспен аудан орталығындағы «Бағдат», «Сәтті», «Бибігүл ана», «Қаракөз» сынды дүкендердің сауда желілерін қамтамасыз етуде. Айта кетейік, өнім аудан тұрғындарына қолжетімді бағдада, «Сәуледен сарқыт» сауда маркасымен сатылуда.

Кәсібін ең алғаш екі түрлі өнім шығарумен бастаған Сәуле қазіргі кезде әлеуметтік желіден арнайы парақша ашып, тұтынушылармен тұрақты байланыс орнатқан. Ең алғаш бес қалта манты мен жеті қалта тұшпараны «Сәтті» дүкенінің сәресіне қойған ол бүгінде аудан, ауыл тұрғындарына едәуір танылған, күніне орташа есеппен 25-30 килограмм өнім өндіреді. Оның айтуынша, ең жоғары сұранысқа ие өнім – тұшпара мен жайма. Кәсіпкер келіншек үй өнімдері сұранысқа ие болғандықтан алдағы уақытта тұрғындардың таңдауына сай өнімнің санын еселеп, оларды өзге де дүкен сөрелерінен халыққа қолжетімді етіп, ауылдарға да тасымалдап, кәсібін кеңейтуді көздеп отыр. Мәселен, алдағы уақытта халықтың сұранысы бойынша түрік ағайындардың таңғы

асы сигара бөректі қосқысы келетінін айтады. Кәсіпкер келіншек сұхбат барысында саласы жоғары өнімге сұраныста та көп болатынын тілге тиек етті.

– Бұл кәсіпті қолға алғанға дейін, 2000 жылдары таба нан пісіріп, сата-тынмын. Ол кезде қазіргідей техника дамымаған. Үлкен кісілер біледі, ол жылдары «мылқау пеш» деген болатын. Сол пешпен таба нан пісіріп, ыстықтай дүкен сөрелеріне апарып жеткізетін. Алдағы үлкен жоспарым – цех ашу. Бүгінде фундаменті қаланды. Көктемде ашылу салтанатын жасасақ деген ниеттеміз. Одан бөлек Қытайдан қажетті құрылғыларды алдырғалы жатырмын, – дейді ол.

Кейіпкеріміз жартылай дайын өнімнен бөлек қазы, әсіп, түрлі рулеттер, әртүрлі салаттар, ыстық тағамдарды арнайы «Дайын дастархан», «Құтты қонақ», «Ақ отау», «Бай дастарқан» сынды біріктірілген тағамдарды тапсырыспен әзірлейді. Байқасаңыз, қазір көз келген дүкеннің төрінен жартылай дайын тамақтың түрін таңдап жүріп аласыз. Үнемі жұмыстан қолы босамайтын отбасыларға бұл таптырмас мүмкіндік. Тек дайын өнімді үйге

апарып пісіре саласың. Бұл да заманның, технологияның дамып келе жатқанының көрінісі, уақыт үнемдеудің бір түрі екені рас.

– Мен – Сәуле апаның өнімдерін тұрақты тұтынушылардың бірімін. Себебі кешке жұмыстан асығып үйге жеткенде балаларыма дәмді әрі тез дайындалатын тағам әзірлеу үшін Сәуле апаның өнімдерін жиі пайдаланамын. Балаларым өсіресе тұшпара мен котлетті сүйіп жейді. Сондықтан азық-түлік аларда «Сәуледен сарқыт» маркалы өнімін молынан аламын. Бастысы, өнім таза әрі сапалы, – дейді кент тұрғыны Гүлжайна Ерланқызы.

Иә, қазіргі таңда екі қолға бір күрек таппай жүрген әйелдер көп. Сондай-ақ көз келген істі бастағанда тәуекелге бел буып, алған бастаған қайтпай, айқын мақсатына жететіндер де аз емес. Сондай тәуекелшіл жандардың бірі – кейіпкеріміз Сәуле Нұрмаханова. Жеткен жетістігін аудан тұрғындарынан алған алғысына балаған ол бөректің кәсібі арқылы туған жерінің дамып, көркеюіне өзіндік үлесін қосуды көздейді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Алтын ұя
Оқушылары озат білім ордасы

Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім, адамдықтың тепе-теңдігі болатын алтын таразы мектеп екені хақ. Сондықтан жас ұрпаққа саналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Ел болашағы жолында ізгілікті мақсат етіп, егемен еліміздің ертеңі болатын жас ұрпақты бәсекеге қабілетті етуде білімнің қасиетті қара шаңырағы аудан орталығындағы №31 мектеп-гимназиясының өзіндік орны бар.



Білім беру нысаны алғаш рет 1939 жылы пайдалануға беріліп, 347 оқушыға есігін айқара ашқан. Аталған білім ордасы 2016 жылы гимназия атағын иеленген. Содан бері білім беру жолында елеулі еңбек етіп, талай шәкірттің талабын ұштаған алтын ұяда бүгінде 446 оқушыға 95 мұғалім дәріс беріп келеді. Өскелең ұрпақты тұлға етіп қалыптастыру жолында 19 педагог-зерттеуші, 23 педагог-сарапшы, 27 модератор еңбек етуде. Биыл мектеп бітіретін 18 түлектің 1-еуі «Алтын белгіге», ал 3-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер. Өскелең ұрпақты оқытып тәрбиелеуде аталған білім ордасы биік белестерді бағындыруда. Ұстаздар мен оқушылар аудандық, облыстық, республикалық байқаулар мен пәндік олимпиадалардан, спорттық сайыстардан жүлделі орындар иеленіп жүр.

Айта кетейік, №31 мектеп-гимназиясы жыл сайын білім бөйгесіндегі жетістіктері үшін аудан әкімінің «Жеңістің биік тұғыры», «Шабаттың ақ жеңкені» сынды түрлі номинацияларын иеленіп келеді. Сондай-ақ «Жылдың үздік мұғалімі» номинациясын да аталған мектеп ұстазы Тоты Жалиева иеленген. Аудан әкімі мен облыстық білім басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен Ляйла Ешнұржанова, Света Әлиева, Әмір Тәженов, Ақмаржан Бүркітбай марапатталған. Әрине бұл жетістіктің барлығы ұлағатты ұстаздардың тынымсыз еңбегі, шәкірттерінің бойына білім дарытып, бәсекеге қабілетті тұлға етіп қалыптастыру жолында бар білім-білігін сарп еткенінің жемісі деуге болады.

– Жаңа оқу жылын 400-ден аса оқушымен бастадық. Оның 28-і мектеп табалдырығын алғаш аттап отыр. Одан бөлек мектепалды дарылыққа 39 бала қабылданды. Былтырғы оқу жылын жақсы жетістікпен қорытындылады. Биыл да жоғары деңгейде аяқталып жатқан мақсатымыз бар. Межеге жету үшін ұлағатты ұстаздар бар қарым-қабілетін жұмсауда. Мемлекет бітіруші түлектерді ҰБТ-ға дайындау жұмыстары басталып кетті. Барлығы 18 оқушы мектепті тәмамдайды. Ал оның 17-сі ҰБТ-ға баруға ниетті, 1-еуі шығармашылықпен оқуға түсуге талпынып отыр. Оқушыларымыз алдын ала дайындық сынақтарынан жоғары көрсеткіш көрсетіп, алды 100 баллдан астам ұпай жинауда, – дейді директор Гүлжанат Басанова.

Айта кетейік, былтыр аталған білім ордасын 24 бала тәмамдаған. 100 пайыз ҰБТ-ға қатысып, барлығы мемлекеттік грантқа құжат дайындаған. Нәтижесінде 24 баланың 23-і жоғары оқу орындарында мемлекеттік грантпен білім алуға қол жеткізе, 1 бала ақылы оқуға құжат тапсырған.

Әрине бұл нәтижеге оқушыға сапалы білім беруде оқу ордасы қажетті заманауи технологиялармен, ақпараттық ресурстармен жоғары деңгейде қамтылғанынан қол жеткенін аңғардық. Себебі мектеп қазіргі заман талабына сай техникалық құралдар, компьютерлер, интерактивті тақталармен жабдықталған. Атап айтар болсақ, мұнда химия, физика, биология, информатика, IT кабинеті бар. Онда сапалы интернет желісі де тартылған. Мұндағы ұстаздардың айтуынша, жоғары сыныптағы оқушылардың басым бөлігінің мамандығы жаратылыстану бағытында болғандықтан осы бағытта тереңдетіп оқытуға ерекше көңіл бөлінген.

Сондай-ақ мектеп қабырғасында дефектолог маманның кабинеті жасақталған. Онда дефектолог Ақмаржан Бүркітбай мүмкіндігі шектеулі, арнайы диагнозы бар балалармен жұмыс жасайды. Мектепте ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жағдай жасалған. Маманның айтуынша ол ерекше білім беруді қажет ететін балалармен коррекциялық жұмыстар жүргізіп, оң нәтижеге қол жеткізуде. Ол шәкірттерін XVIII-ші республикалық «Жұлдызай» балалар шығармашылығы фестиваліне қатыстырып, жүлделі орындарға ие болған.

Мұнан бөлек мектепте оқушыларды жан-жақты дамытып, бос уақытын тиімді өткізу мақсатында бірнеше үйірме жұмыс істейді. Әрине үйірменің үйретері көп. Оның басым бөлігі спорт саласына бағытталған. Робототехника, дебат, волейбол, баскетбол, дойбы, жүзу, жеңіл атлетика, қол добы мен аяқпен шөберлері арасындағы ойындарда тартысты ойын өрнегін көрсетіп жүрген спортшылар бүгінде осы мектеп қабырғасында білім алып, үлкен додаларда топ жарып жүр. Сондай-ақ білім ордасында мектеп парламенті де тағайындалған. Оның басты мақсаты – оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, шығармашылық қабілетін арттыру.

Мектепте оқушыларды білім-ғылымға баулитын түрлі шаралар көбіне кітапханашының ұйымдастыруымен өтеді. Күн сайын іші балаға лық толатын кітапхана қорында 22 964 кітап болса, оның 15057-сі – оқулық, қалғаны көркем әдебиет, әдістемелік құралдар мен электрондық кітаптармен толыққан. Жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеуге, олардың поэзияға деген құлшынысын арттыруға, талғамына, тандауына сай әдебиеттерді іріктеп оқуға деген ынта-қыласын көтеруде кітапханашы Сара Буханованың үлесі зор. Себебі ол оқушылардың шығармашылық жұмыстармен көп шұғылданыуына бар жағдай жасайды. Осы орайда кітапханада «Оқуға құштар» мектеп жобасы аясында көптеген танымдық іс-шара өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады. Қазіргі таңда кітапханада «Туған жердің тұлғалары», «Абай өлемі», «Мәңгілік ел – Қазақстан» сынды көрмелер бар.

Мектепте әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасылардан 129 оқушы, 1-4 сыныптағы 114 оқушы, барлығы 243 бала тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Оқу жылы аяқталғанда оқу озағарты мен белсенді оқушылар Көкшетау, Астана, Алматы қаласындағы тынығу лагерьіне жолдама алып, жазғы демалысты тиімді өрі көңілді өткізеді. Мақаламызға арқау болған мектептің тыныс-тіршілігімен танысқанымызда 90-нан астам ұстаздан құрылған ұжым өлп де талай бүлдіршінді биік белестерге жетелеуде қажырлы еңбек етіп, білім мен тәрбие негізінде шындал, тұлға етіп қалыптастыра беретініне анық көзіміз жетті.

Ақтоы БҮРКІТБАЙ

Маман мерейі

40 ЖЫЛ ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕГЕН

Ұстаз – ұлтты құтқаратын ең ұлы тұлға. Бірақ осынау «ұстаз» сөзінің астарында мыңдаған білім мен ғылым, махаббат пен сүйіспеншілік жатқанын байқап бермейміз. Ұстаз болу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Бүгінгі кейіпкеріміз Райхан Кенжебайқызы да – шәкірт тәрбиелеу мен оны биікке жетелеуде қызмет етіп жүрген ұлағатты ұстаз.

– Ұстаздық жолымның басталғанына 40 жылдай уақыт болды. Осынау уақытта оқушылардың бар еркілігін көтеріп, шыдамдылығым да біраз сынанды. Бір күні 11 сыныпқа сабақ өтуге келдім. Сыныпқа кіріп, оқушыларды түгендесем, бір оқушы



жоқ. «Қайда?» деп сұрасам, ешкім жауап бермейді. Бірақ бәрі артта тұрған үлкен шақпақ қарай береді. Сосын бірден білдім, өзіндік келген болуы керек, шақпақтың есігін ашып қарасам, әлгі оқушының оң жағында отыр. Сосын келесі күні сабаққа келгенде мен де өзіндік келген деп шақпақ отырғызып қойып сабақ түсіндірдім. Осы бір оқиға қанша жыл өтсе де әлі күнге дейін көз алдымда, – дейді кейіпкеріміз.

Иә, расында ұстаздық өмірде білімділікпен қатар шыдамдылық та керек. Әрбір оқушының еркілігін көтеріп, бойындағы дарынын ашу да сол мұғалімнің еңбегінде.

Райхан Кенжебайқызы қастерлі қазақ тілінің құдіретін, туған елдің тарихы мен өнегесін, рухани мол мұрасын өзге ұлт өкілдеріне үйретуде қосып аябай еңбек етуде. Тілдесу барысында костюмде тағылған тесбелгіге көзім түсті, ол 2022 жылы «Ыбырай Алтынсарин» тесбелгісі иеленген екен.

Сонымен қатар кейіпкеріміздің осындай еңбек жолында алған жетістіктері көп, аудандық үздік мұғалімдердің көші бастап келеді. Ол аудан мұғалімдері арасында «Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі» тесбелгісін алғаш алғандардың қатарында. Кейіпкеріміз жайында мектеп мұғалімдерінің қайсыбірінен сұрасақ да «үлкен жауапкершілікті, білімді пе-

дагог» деген төңеулерді естисің.

– Райхан Кенжебайқызының білім беру саласына қосқан үлесі зор, жеткен жетістіктері көп деп білемін. Себебі ол – тәжірибелі, кәсіби жетістігі көп маман. Соның нәтижесінде республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрініп, мектебіміздің ғана емес, ауданның да абыройын асқақтатты. Әріптестері мен шәкірттерінің артық сенімін ақтай алды. Ол – 40 жылдық еңбек өтілі бар білікті маман. Осындай уақытта ұстаздық етуден жалықпай, әр сабағын қызықты етіп өткізу үшін жанашырлық еңізіп жүретін оның өзгеріске жаны құмар. Ол үнемі ізденіс үстінде жүріп, білген-түйгенін әдістемелік оқу-құралдарына жинақтап, түрлі байқауларда жеңіске жетіп жүр. Мектепшілік, аудандық, облыстық семинар, конференцияларға белсене қатысып қана қоймай, желілік қауымдастық аясында мұғалімдермен тәжірибе алмасу мақсатындағы жұмыстарға да ерекше атсалысатын білікті маман, – дейді №31 мектеп-гимназиясының директоры Гүлжанат Басанова.

Кейіпкеріміз – бүгінге дейін талай білім бөйгесінде үнемі үздіктер қатарынан көрініп, оқ бойы озық шығып жүрген маман. Ол аудан облыс әкімінің «Құрмет» грамотасын, «Жыл үздігі», «Ұлағатты ұстаз» номинациясы мен алғыс хаттарымен марапатталған. Айта кетейік, кейіпкеріміз озық әкімінің білім беру саласының қызметкерлеріне тағайындалған 1 млн теңгелік сертификатта да ие болды. Мұнан өзге де аяғыз толытырып айтар жетістіктері көп.

– Негізгі қазақша мықты түсінгенім өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету

қиын. Себебі әр дыбыстың таза дыбысталуы және әріпті сауатты жаза алу үшін оқушылармен көп жұмыс істейміз. Соның арқасында болар, мен білім берген оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығы ашылып, тіпті білім бөйгелерінде топ жарып жүр. Әрине әр ұстаздың басты жетістігі шәкіртің білген көрінуі. Мен де мектептің ғана емес, ауданның намысын қорғаған оқушыларыммен мақтанамын. Қарап отырсам, 20-ға жуық оқушыға республикалық пәндік олимпиадада жетекшілік жасап, жүлделі орындармен орапылпыз. Сондай-ақ атап айтатын «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы бар. Жыл сайын оқушыларымды әртүрлі бағытта жарыстарға қатыстыруға тырысамын. Нәтижесі де жақсы, әр оқушымыз тіл білімінде бақ сынап, топ жарып жүр, – дейді Райхан Әйтимова.

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытуда ұстаздың еңбегі зор. Ол сонысымен де қастерлі. Шәкірттерін терең біліммен қаруландырып, үлкен өмірге дайындау – тек білімді ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Осындай ауыр жүкті көтеріп жүруде еш шаршамаған Райхан Кенжебайқызы талай жастың қанын қатайтып, үлкен өмірге қадам басына септігін тигізді. Енді 40 жылдық жемісін көріп, көктемде зейнетке шығатынынмен де бөлісті. Иә, 40 жылдық осындай еңбектің авторы болған мұғалім өмірі қазіргі жас ұрпаққа үлкен өнеге.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Озат оқушы

Біз білім ордасының есігінен енгеніміз сол еді, оқушыларды марапаттау рәсімі де басталып жатыр екен. Айнала қоршалып тұрған оқушылардың ортасында облыстық олимпиададан жүлделі орын алып келген үздіктерді ұстаздар марапаттап жатыр. Соңында салада ауданның абыройын асқақтатып, аймақ намысын қорғап жүрген үздік оқушылармен сұхбаттасудың сәті түсті. Солардың бірі – Алина Цой. Ол – өзі көріс ұлтпаны болса да қазақ тілі мен әдебиетінен жарыстарға қатысып, топ жарып жүрген қазақ тілінің кішкентай жанашыры.

– Біз басқа қалаларға жарысқа барғанда сөйлеу мәнерімізге қарап өзге ұлт өкілі деп айтпайды. Себебі расымен басқа қалалардағы өзге ұлт өкілдеріне қарағанда біз қазақша таза сөйлей аламыз. Бұл өріне тек қазақ тілі пәнінде емес, отбасымызда қазақша сөйлеп, достарымызбен қазақша араласатынымыздың арқасында. Жетекшіміз әр сабаққа тапсырма берерде міндетті түрде мақал-мәтел жазуды қоса береді. Сондай-ақ түрлі тақырыптағы эссе, шығарма жазу кезінде де мақал-мәтелдерді орымен қолдандырады. Соның арқасында өзімнен де қазақ тілінің расында ерекше стилді өте көркем тіл екенін ұғына түсемін, – дейді кейіпкеріміз.

Расымен Алинаның сөйлеуінен «таза қазақ қой» деп қаларсың. Өзге ұлт болса да жүрегіңдегі Қазақстанға деген патриоттық сезімі тулаған. Оны «Тіл – тәуелсіздік тұғыры», «Шауақты мекен – Қазақстан», «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» атты республикалық байқаулардағы I дәрежелі дипломдарынан байқауға болады.

Сондай-ақ кейіпкеріміз уақытын тиімді пайдаланатын әмбебап оқушылардың бірі екен. Олай дейтініміз бос уақыты бола қалса, сурет салумен, ән айтып, қолөнермен де айналысады. Бисермен жиппен кесте тоқып, қазақы дәстүрлі қолөнерден де ада емес екенін көрсетті. Болашақта атақты дизайнер болғысы келетіні де



Абыройы асқақ Алина

осындай қызығушылықтан болар. Қазір мектеп кезден тәжірибе жинақтап, түрлі заттардан ойыншық жасап, мүсін жасаумен де айналысып жүр. Оның айтуынша, болашақта дизайн жасау маманы болғанда бұл жинаған тәжірибелерінің рөлі күшті болмақ.

Жетекшісі Гүлсайран Кенжебайқызы Алинаның қазақ тілге деген қызығушылығы мен қабілетінің арқасында 9 сыныптан бері түрлі жарыстарға қатысып жүргенін айтады. Қазіргі кезде әрбір оқушының қабілеті көз іспес жылдамдықпен дамуда. Мектептегі жаңа бағдарламалар күн сайын емес, әл сайын жанаруда. Білімді берінен де биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді. Білім

алуда Гүлсайран апай айтпақшы, әр адамның бойындағы қабілеті маңызды. Себебі оқушының білім сапасы мен деңгейін анықтап, салыстырмалы мониторингтер жасауға көмектеседі.

– Шәкірттеріміздің әрқайсысы – мен үшін шоқтығы биік жұлдыз. Олардың талабы мен талантын ұштап, шыңға шығаруды басты мақсатым деп білемін. Мысалы, Алина мектептегі іс-шараларға белсене қатысады. Мектепшілік әдеби-мәдени шаралардың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып жүр. Болашақта шәкірттің биік белесті бағындырып, жақсы жетістіктерге жететініне сенемін, – дейді жетекшісі Гүлсайран Кенжебайқызы.

Айта кетейік, Алина өлең оқуға да, ән айтуға да қабілетті. Мәселен «Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстаным» атты оқушылар арасында мәнөрлеп оқу байқауына қатысып, I дәрежелі дипломмен марапатталған. Кішкентайынан үлкен сахналарда ән айтып, жүлделі орындар да иеленген Алинаның мектеп қабырғасында жүріп жеткен жетістігі көп. Болашақта армандаған мамандығын меңгеріп, елдің ертеңіне еңбек ететініне сенемін.

Ақнұр БОЛАТҚЫЗЫ

Тұлға

Ұлтымыздың ел болып қалыптасудағы өсу-өркендеу кезеңдеріндегі тарихтың қойнауына кетіп, уақыт өткен сайын көмескіленіп бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды, сол құндылықтарды жасаушы ел басқарған тұлғаларды, бүгінгі бейбіт, бақытты заманның көлеңкесінде қалдырмай, олардың халқына жасаған еңбегі мен өмір жолдарын жас ұрпаққа хабардар етіп отыру бүгінгі аға буынның ғибратты ісі деп білемін.

Қазақ елінде небір асыл да ардақты ел басқарған азаматтар аз болмаған. Сол ардақты да асылдарымыздың бірі және бірегейі – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, «XX ғасыр адамы», Қазақстанда 26 жыл бірінші басшы болған, ғалым-академик Кеңес одағының үш дүркін «Еңбек Ері» атағын алған тұлға – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Ғасыр тұлғасы Верный қаласында (қазіргі Алматы) 1912 жылы 12 қаңтарда дүниеге келген.

Ол 45 жыл Қазақстанның ең жоғары билік лауазымында болды. Сталиннен Горбачевқа дейінгі барлық Кеңес мемлекетінің басшыларымен, өз республикасының бірінші басшыларымен іскерлік қарым-қатынаста ұзақ жылдар нәтижелі еңбек етті. Ол Мәскеу түсті металлургия институтын бітірген. 1936 жылы институтты бітіргенін Балқаш мыс қорыту комбинатының «Қоңырат» руднигіне бұрғылау станогының машинисі ретінде жұмысқа орналасып, рудниктің директоры қызметіне дейінгі лауазымдар сатысынан өтеді. 1939 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыстың қиын күндерінде тылдағы жұмысты ұйымдастыруда ерекше еңбегімен көзге түсіп, «Алтай полиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, сонан соң Риддер руднигінің және Ленинград кен басқармасының директоры қызметін атқарады.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақ үкіметінің басшысы Нұртал Оңдасынов «Ленинград полиметалл» комбинатына барған сапарында комбинат директоры Д.Қонаевты көріп, сол кездегі Қазақстан ОК бірінші хатшысы Н.Скварцова «Мен өзіме өте тамаша, іскер, білімді орынбасар таптым» деген екен. Міне, сол кезеңнен, яғни 1942 жылдан бастап Д.А.Қонаев республика көлеміндегі игі істердің бел ортасында жүрді. Елуінші жылдары Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының Президенті болған жылдары Қызылорда облысынан Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің депутатына кандидат болып ұсынылады. Жалағаш ауданының Мәдениет үйі болған «Иманқұл» мешітінде сайлаушылармен кездесіп, сөйлеген сөзін еке-ағаларымыз айтып отыратын. Ол кісінің ғалым ретінде өнердің суармалы күрші шаруашылығын дамытуға және Қаратау қойнауын, Арысқұл мен Қызылқұмды игеру үшін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар бергенін атап өту керек.

1972 жылы ҚКП ОК бірінші хатшысы Д.А.Қонаев Қызылорда облысына келген сапарында біздің ауданның Калинин атындағы кеңсінде болған.

Табиғат байлығын тарту еткен Қазақстанның халық шаруашылығы елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап қарқынды дами бастаған еді. Екіншік орай осы жылдары одақтағы бар билікті қолына алған Н.С.Хрущев партиялық принциптер мен демократиялық қағидаттарды белден басып, Қазақстан Республикасы бөлшектеуге, кейбір жерлерімізді шекаралас республикаларға алып беруге белсене кірісті.

1962 жылдың күзінде Н.Хрущев көршілес екі республиканың басшылары Д.Қонаев және Ш.Рашидов бастаған бір топ делегатты Мақтарал ауданына келді. Аудан, облыс басшылары қатысқан жиында



Жаратқан жар болған тұлға

Н.С.Хрущев үш ауданды Өзбек Республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Оған Д.Қонаев бастаған ел басшылары үздік-кесіпті қарсы шығады. Ашуға бұлқыған Н.С.Хрущев ешкіме қарамастан қайтып кетеді. Кейін Мәскеуге Қазақ Республикасының басшылары Д.Қонаев пен Ж.Тәшеновті шақырып, Орталық партия комитетінің бюро мүшелерінің алдында Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресейге, ал Маңғыстау, Гурьев облыстарын түркімендерге, Шымкент облысын Мақтарал, Киров, Жетісай аудандарын Өзбек республикасына беру жөнінде ұсыныс жасайды. Д.Қонаев та, Ж.Тәшенов те бұл ұсынысқа келіспейді. Әсіресе Жұмабек Тәшенов өжеттік пен қайсарлық танытып: «Ата-бабаларымыз бізге кіндік қаны тамған атажұртты, туған жерімізді көлденең келгендерге таратып беріңдер деген құқықты бермеген. Сондықтан бір қадам жерімізді де бере алмаймыз» деп кесіп жауап қатады.

Н.Хрущев осы жауапты естігенде қан-қысымы көтеріліп, қызара беріп ашуға басып, ауызына келгенін айтады, «Көрермін сендерді» дегендей сөз білдіріп, бюро мәжілісін жабады. Көп ұзамай-ақ сол жылдың желтоқсан айында Мәскеудің тікелей бұйрығымен Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесі депутаттарының бердік деген, Өзбек Республикасының алдық деген келісімімен және 1963 жылдың 30 қаңтарында Кеңес одағы Жоғарғы Кеңес депутаттарының келісімін алып, Мақтарал, Киров, Жетісай аудандарын Өзбек Республикасына өтіп кетеді. Жоғарыдағы облыстар әуліргімен қазақ республикасында қалады. Сол «шайқастан» соң Д.Қонаев Қазақстан Республикасы Орталық партия комитетінің бірінші хатшылығынан босатылады да Республика министрлер кеңесінің төрағасы қызметіне төмендетіледі. Ж.Тәшенов республиканың Жоғарғы Кеңес төрағалығынан, Оңтүстік Қазақстан Облыстық Кеңесі Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметіне құлдырайды.

Н.Хрущевтың өз білгендігі ұзаққа бармады, ол 1964 жылдың қазан айында орнынан алынды да, ҚСРО Орталық Комитетінің Бас хатшылығына Л.И.Брежнев келді. Д.А.Қонаев қайта өз орнына отырды. 1971 жылдың мамырында Өзбек Республикасына берілген үш аудан – Мақтарал, Жетісай, Киров аудандары, кейінгі шекарамен Қазақстанға қайтарылды. Қазақстанның экономикасы дамыды, халықтың әл-ауқаты жақсара бастады. Республикамызда орналасу және экономикалық жағдайларына байланысты 3 облыс құрылды.

1986 жылдың желтоқсаны біздің ұлтымыз үшін қасіретті кезеңнің бірі болғанын, кезектен тыс партия пленумында Д.Қонаев орнынан алынғанын, оның орнына Қазақстанды, қазақ халқын мүлдем білмейтін, Ульянов облысы партия

комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбин деген бейтаныс адамды әкелгенін білеміз. Бүкіл саналы ғұмырын Қазақ еліне қызмет жасауға арнаған, республиканы ширек ғасырдан аса басқарған одаққа, қалаберді дүние жүзіне танылмай үш дүркін Кеңестер Одағының Еңбек Еріне Мәскеу бір ауыз да жылы сөз айтып орнынан босатты. Д.Қонаев естеліктерінің бірінде Солтүстік Кавказдағы демалу орнында болғанында сол жылдарда Ставрополь өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы қызметінде жүрген С.Горбачев маған арнайы келіп, халжағдайымды біліп, жалпақтап, ізеттік көрсеткен, ал Орталық комитеттің бас хатшысы болғаннан кейін күрт өзгерді, тырнақ астынан кір іздеуді үдетте түсті.

Белгілі ғалым Марта Оклот М.Горбачевтың екі жылға жуық Д.Қонаевпен алысып, оны жеңе алмағандығына қайран қалып естелік жазған. Демекеннің 20 жылға жуық оқ қағары болған, сол үшін жазаланған Анатолий Горбановтың: «Қасиетті адам Горбачевтың киесімен ұрды» дегені бар. «Бірде үйінде телефонда Горбачевпен ұзақ сөйлесті, соңында: «Менен ала алмай жүрген қандай кеңің бар Михаил Сергеевич?» деп қатты кетті дейді ол. Қажет жерінде Димекеннің қатты кететін кездері болған. Бәрінен бұрын оның М.Горбачевты ақылпарасатымен жеңгені батыс елдеріне және АҚШ-қа дүрлікке ақпарат болып тараған.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы көп ұлтты Кеңестер одағының ұлттар лабараториясы атанған Қазақстанға жабылған жала, жағылған қара күйе болды. Қаншама бейкүнә жастарымыз, ел ағалары мен зиялы ұлт өкілдері зардап шекті. Орталық қарапайы орындардың мықты күштерін республикаға қарай тоғытты. А.Асқаров пен Л.Бекежановқа қасақана жала жауып, түрмеге жапты. Д.Қонаев ұй қамаққа алынып, халықпен жүздесу құқығынан айырылды. Мәскеудің арнайы тапсырмасымен келген бас прокуратураның Колинченко деген тергеушісі Дінмұхамед Қонаевты бірнеше ай бойы тергеуге алды. Ол тергеу барысында бар озбырлығын жасап бақты. Оған дәлел мына жөңсіз, жақсысыз тағылған айыптар болатын. Солардың бірнешеуіне тоқталайық: Біріншісі, ерекше тергеуші Колинченко Д.Қонаевқа шүйлігі: «Д.Қонаев! Сіз академик екенсіз, академикке тиісті оңорарды 17 жылдан бері алып, өз көңіңізге жаратып келіпсіз. Бұл үлкен заңсыздық» дейді. Д.Қонаев: «Дұрыс, академик екенім рас, айлықты 17 жыл бойы алып келгенім де рас» дейді де, оны келігімен қаладағы жетімдер үйіне алып келді. Есеп бөліміне кіріп, 17 жыл бойы әр ай сайын академик ретінде беріліп отырған қаражаттың балалар үйіне қабылданғаны туралы түбіртегін (квитанцияларын) көрсеттіреді. Екіншісі, Колинченко: «Сіз жырымадан астам елде болыпсыз. Сол әрбір болған елдің басшыларынан қымбат ба-

ғалы заттарды сыйлыққа алысыз, сөйтіп біздің Кеңес одағының заңына қайшы іс-әрекеттер жасапсыз. Сол заттай айғақтарды тәркілеймін де, сізді қамауға алуға қаулы шығарамын» – дейді. Д.Қонаев саспастан жөйбарат, қарапайым мінезімен тергеушіге тік қарайды да, «көңдеше жүріңіз менімен» деп оның көлігіне отырып, музейге апарды. Сөйтсе барлық шет елдердің басшылары сыйлаған қымбат мүліктер, сөрелерде тізіліп тұр екен. Үшінші, Колинченко Д.Қонаевтың үйіне киліге кіріп келіп, енді сенге көшіп бұйыра сөйлейді: «Қонаев! Енді менен құтыла алмайсың, жетпіс жасқа толғаныңда сыйлыққа қызметкерлеріңнен шетелдік теледидар алысың. Сол бізге айғақ болды!» деп тікенекті жабысады. Д.Қонаев тергеушінің бұл келісіне де бұрынғы қалпын сақтап: «Е, тергеуші жолдас, дұрыс айтасың, менің жетпіс жасқа толған тойымда еріптестерімнің естелікке деп сыйлаған шетелдік теледидары бар. Жүр сізге көрсетейін» дейді. «Енді тұзаққа түстің бе?» дегендей тергеушінің көзі жайпап кетеді. Екеуі келікке мінеді. Орталық комитеттегі бұрынғы кабинетіне кіріп келді де кіреберістегі киім ілетін шафқты аштырды. Қараса, шам жағып іздеген шетелдік теледидар қорабымен ашылмаған күйде тұр екен. Колинченконың бет жүзі бір қызарып, бір сұл-сұл болып, Қонаевқа бақырайып қараған күйде тіліз қалады. Не айтарын білместен қолын бір сілтейді де, автокөлікке міне сала жөнелді.

Мәскеудегі бас прокуратураға барып, құжатын үстелдің үстіне қойып жатып: «Дінмұхамед Қонаевты ұй ай бойы тергедім. Түк те таба алмадым. Мені қызметтен босатыңыз» деген екен.

Атам қазақ «Атқа міндің, кеуденді оққа байладың» дегендей, бүгінгі әңгіменің арқауы Дінмұхамед Ахметұлының сол бір кеңестік тоталитарлық заманда өзі, жері, ұлты үшін басын бәйгеге тігіп, жанкештілікпен алып империяның басшылығына қарсы тұрып, қыспақ пен қудалаудың озбырлығын көріп «Аққа құдай жақ» деген тәубамен жанының, арының, қолының тазалығымен азаматтың беделі мен атағын абыройын ұй адамдарға тән қасиетпен сақтап қалғандығын, оқырманға жеткізуді жөн көрдім.

Димекен бүгінгі тәуелсіз, егеменді еліміздегі қоғамдық өзгерістерді көру бақытына ие болды. Мемлекетіміздің Өнұраны, Елтанбасы, Туы қабылданған күні Абай атындағы опера және балет театрында өткен жылына қатысқан Димаш Ахметұлы қатты толқыған. Көзіне жас алған. Бұл ұлы тұлғаның өмір бойы халқы армандаған егемендікке қол жеткендегі бақытты күні еді.

Рысбай КӨРІМОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сапар

Саңлақтар түлеген спорт кешені

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келді. Іс-сапар барысында Бұқарбай батыр ауылдық округіне табан тіреген халық қалаулысы елді мекендегі «Байтабын» спорт кешенінің жұмысымен танысты.



Айта кетейік, батыр атындағы ауылда «Байтабын» ЖШС-ның демеушілігі арқылы салынған спорт кешені 2021 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда спорт кешенінде еркін күрес үйірмесіне 5 топта 90 бала қатысады.

Ауыл балаларының бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған нысанда жыл сайын чемпиондар саны артып келеді. 2022 жылы оқушылар арасындағы 70 елден 4 мың оқушы бақ сынаған дүниежүзілік гимназида №33 орта мектептің 11 сынып оқушысы Нұрдаулет Маратулы чемпион атанды.

Былтыр 9 бала облыстық деңгейде чемпион атанып, республикалық жарыста 1 бала күміс, 1 бала қола жүлдегер атанды. Аядай ауылда саладағы серпіннен балкелердің қажырлы еңбек етіп жатқаны анық байқалады.

Халық қалаулысына үлгілі елді мекенде басқа да игі бастамалар жүзеге асырылатыны айтылды.

Елдің талап-тілегін тыңдады

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбенов Жалағаш ауданына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында ол «Номад Солар» ЖШС жұмысымен және Таң ауылында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты.



Таң ауылына табан тіреген халық қалаулысы ауылда орналасқан «Дихан Ата» күрші ақтау зауытының жұмысымен танысып, алақандай ауылдың берекесін арттырып отырған мұндай кәсіпорындардың қазіргі қоғамда ерекше маңызы екенін жеткізді.

Сонымен қатар Мұрат Әбенов ауыл тұрғындарына арналған қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдау барысында көтерілген ауылдық округтердегі электр желілерін жаңарту және «Ауыл аманаты» жобасына сәйкес жергілікті жерге үйренген төл алу туралы заңдылықтарға ұсыныс енгізу турғысынан мәселелер көтерілді. «Қазақстанның Еңбек Ері», «Алтын Жұлдыз» бөні «Отан» орденінің иегері Имамзада Шағыртаев ауылдық округте биыл ауқымды жобалар жүзеге асырылатынын баяндады.

«ЖЖ» ақпарат

Жалағаш ауданында кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдау жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдау жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Еспенбет Жасұлан Ерданұлы	Бөлім басшысы	Күндізгі 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №3	8(72411)31-9-95

Семинар

Мобильді аударымдар: Тексеріс кіндерге жүргізіледі?

Заңсыз кәсіпкерлікті көлеңкеден шығаруға бағытталған жаңалық халықты біраз өбiргерге салғаны рас. Себебі «мемлекет барлық мобильді аударымдарды тексереді» деген хабарды ести салысымен кәсіпкерлер сауда орындарында мобильді аударымдардан бас тартып, қолма-қол ақша қабылдауға бет бұрды. Көше келесіздіктердің алтын алу мақсатында «Аманат» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен партия алаңында дара кәсіпкерлерге арналған мобильді аударымдар бойынша семинар-кеңес өтті.

Аудан бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Руслан Байғазиев, Кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалы директоры Асылхан Балмаханов, аудан бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бөлім басшысы Нұрлыбек Саддықов және партия филиалының консультанты Ахан Кенжебаев қатысқан кеңесте кіннің шоттары тексерілуі жататыны және олар үшін қандай критерийлер белгіленгені жөнінде кәсіпкерлер тарапынан туындаған сұрақтарға жауап берді.

– Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметке арналмаған банк шотына айына 100-ден астам аударым жасалса және осындай көрсеткіш 3 ай қатарынан қайталанса, Мемлекеттік кірістер комитеті жеке тұлғадан салық талап етуге құқылы. Себебі бұл операциялар кәсіпкерлік



қызметтен кіріс алу белгілері бар операциялар қатарына жатады. Әзірге бұл мемлекеттік қызметкерлер мен олардың жұбайларының шотына түскен ақшаға қатысты. Екінші кезеңде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметкерлері ілігеді. 2025 жылы үшінші кезеңде жеке кәсіпкерлердің мобильді аударымдары бақыланса, 2026 жылдан бастап барлық қазақстандықтардың ақшалай аударымдары туралы мәлімет комитеттің қарауына түседі. Жеке тұлғалар бұрынғыдай өздерінің жеке мақсаттары үшін туыстарына, достарына, ата-аналары мен балаларына және басқа да өмірлік жағдайларға арналған аударымдарды жасай алады және қабылдай алады. Бақылау шаралары адал салық төлеушілерге есер етпейді және жасырын кірістер мен тіркелмеген

декларация, қасалық аппарат және заң аясында көзделген мобильді аударымдардың шектелуіне қатысты сауалдар жолдаған қатысушылар сала басшысы тарапынан толыққанды жауап алды.

«ЖЖ» ақпарат

Бақұл бол, аяулы әріптес

Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де мәңгілік емес. «Апلاقан қалауы, тағдырдың салғаны болады» деген рас екен. Жүрегімізді мұңға, жанарымызды жасқа толтырып кеше ғана ортамызда жүрген әріптесіміз Бисенова Асылқұл Сапабекқызы өмірден озды. Бисенова Асылқұл Сапабекқызы 1968 жылы 13 қаңтарда Қармақшы ауданы бұрынғы Ленин совхозында дүниеге келген. Асылқұл өзінің ақжарқын мінезімен айналасындағыларды өзіне тез баурап алатын және жұмысына тиянақты, көпшілі де мейірімді, аналық кеңесін аямайтын адал жан еді. 1985 жылы тұрмыс құрып, 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді.

Ол балаларына тек ізгілікті, жақсылықты, адал еңбекпен нан табуды өсиет етті. Ал әріптестерінің ортасында бойындағы барлық асыл қасиеттерімен сыйлы еді. Әсіресе ол айналасынан көпшілігімен дараланатын. Сол ардақты әріптесіміз 2024 жылдың 8 қаңтар күні бақиға бет түзеді. Қаралы хабар отбасына да, біздің ұжымға да оңай тиген жоқ. Бірақ тағдырдың басқа салған сынағына сабыр қылмасқа пенде шіркінде не амал бар дейсіз. Әкімшісті, кеше ғана ортамызда жүрген аяулы жан жайында енді өткен шақпен естеліктер айтуға тұра келеді. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын ардақты әріптес.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктің алған алғыс, сауабын Жатқан шығар, рухыңменен қауышып.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз гой тағдыр басқа салғанға. Көзімізге ып-стық жас келеді, Енді өзіңді сағынып еске алғанда.

Еске алушылар Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп ұжымы

